

А.Ө. Кесебаева

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛАЙСЫЗ АЙМАҚТАРДЫҢ РЕЖИМІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Табиғи апаттар, орасан зор өндірістік апаттар, күрделі индустрияның дамуы көп жағдайда жекелеген аймақтардың экологиялық жағдайының нашарлауына әкеп соқтырады. Олар табиғи объектілердің, тұтастай экожүйенің жағдайының айтарлықтай бұзылуынан көрініс табады, бұл өз кезегінде адамдардың денсаулығының, рухани және материалдық жағдайының нашарлауымен, тіпті олардың өліміне дейін алып келуімен сипатталады. Табиғи ортаның жағдайының мұндай бұзылулары көп жағдайда бүтіндей бір экожүйені қамтиды және тұрақты сипатқа ие болады, яғни оларды түзету, сауықтыру мүлдем мүмкін емес жағдай орын алады немесе ол салдарларды жою үшін үлкен мерзім мен орасан зор материалдық шығын қажет болады. Олар көбінесе адамдар мен басқа да тіршілік иелерінің жаппай қырылуына әкеп соғады, не болмаса, адамдардың денсаулығына, материалдық және рухани құндылықтарына барынша теріс әсерін тигізеді. Сипатына қарай бұл аймақтық экологиялық апаттар болып табылады.

Экологиялық әсердің объектісі ретіндегі адамзаттың жағдайы ұзақ уақыт бойы заңды талдаудан тыс болып келді. Соған қарамастан, тұрғындардың 20%-дан астамы экологиялық апат аймақтарында өмір сүруде. Мұндай аймақтардың бірі – Арал теңізінің бассейні. 1,4 млн адам өмір сүріп отырған Қызылорда облысының территориясын толығымен, Ақтөбе, Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының бір бөлігін алып жатқан Арал апат аймағын әлемдік қауымдастық жаһандық экологиялық апат деп танып отыр [1].

Әрине, әрбір аймақтық экологиялық апат орын алған сайын жергілікті және орталық билік органдары, мемлекет және барлық қоғам қандай да бір әрекет жасауы тиіс: апаттың өзінің және олардың экологиялық қауіпті салдарларының алдын алу мен жоюдың, адамдар мен жануарларды құтқарудың, азаматтардың жеке және мүлкітік құқықтарының қорғалуының, халық шаруашылығының объектілерін, табиғи және мәдени құндылықтарды қорғаудың және соңында зиян шеккен территорияларда жақсы жағдайға қол жеткізудің шұғыл және ұзақ мерзімді шараларын қолдану қажет.

Мұндай жағдайда арнайы шараларды қолданудың, қаржыландыру, құқықтық, әлеуметтік және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің күрделі мәселелерін шешу қажеттілігі экологиялық мәселелердің ішінен экологиялық апат аймақтарының мәселесін ерекше бөліп көрсетеді.

БҰҰ-ның Конвенциясының қоршаған ортаны қорғау мен дамыту туралы құжаттары мен материалдарында (1992 жылғы 3-14 шілде, Рио-де-Жанейро қаласы) әлемнің әртүрлі аймақтарындағы төтенше экологиялық жағдайлардың қауіптілігінің өскенін ерекше атап көрсетті. Әсіресе өнеркәсіптік апаттардың орын алу мүмкіндігін азайту немесе болдырмау үшін өндірістің барлық салаларында жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу айрықша атап өтілді.

Шет мемлекеттердің құқығында осы саладағы экологиялық заңнаманың дамуы экологиялық апаттардың қауіптілігі мен салдарларын жою мен алдын алу шараларын ұйымдастырудың барынша тиімді үлгісін орнатуға бағытталған.

Мұндай міндет біздің мемлекеттің де күнтізбесінде орын тепкен. Арал дағдарысының салдары, ластанған, өмір сүруге қауіпті аймақтар тиісті шараларды қолдануды талап етеді. Табиғи объектілерді қорғау мен пайдалануды реттеу үшін басқарудың көптеген арнайы әдістерін қолдану қажет. Бұл жағдайда туындап отырған заңи мәселелер экологиялық апат аймақтары туралы кешенді құқықтық актілер қабылдау қажеттілігін көрсетіп отыр. Алдын алушы және түзетуші шараларды реттеу туралы, оның шекарасын бекіту және табиғат пайдаланудың арнайы режимін енгізу туралы, зиян шеккен территорияның құқықтық режимі, шаруашылық және басқа да әрекеттерді басқару туралы заңнамалық және туынды құқықтық нормалар қажет.

Территориясының 60% шөл және шөлейтті аймақ болып табылатын Қазақстан үшін су ресурстары аймақтық дамудың маңызды факторы болып табылады. Территорияның үлкен су қорына орналасқанына қарай, республика территориясын бірнеше эколого-экономикалық аймақтарды бөліп көрсетуге болады. Олар: Каспий бойы, Арал-Балқаш аймағы, Ертіс аймағы, Теңіз-Сарысу аймағы, Есіл-Тобыл аймағы және Торғай-Ырғыз аймағы. Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстары мен Ақтөбе облысының Шалқар ауданын, Жезқазған және Семей облыстарының бірнеше аудандарын қамтитын Арал-Балқаш аймағы ерекше күрделі әлеуметтік және эколого-экономикалық мәселелермен ерекшеленеді. Олардың орын алуының негізгі себебі аймақтық

дамудың экологиялық факторларын ескермеу, экологиялық саясаттың болмауы, қарқынды шаруашылық және табиғат қорғау заңнамасын орындауды төмен дәрежеде бақылау болып табылады.

Су ресурстарының жетіспеушілігі шөлді және шөлейтті аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды шектеушісі болып табылады. Су ресурстарының жетіспеушілігінің санды өлшемдері шөл және шөлейт аймақтардағы көп жылғы өзендердің ағысының, жерасты сулары қорының өзгеруі және сушаруашылық балансының жетіспеушілігімен сипатталады.

Су мәселесінің жағдайы бойынша Арал-Сырдария территориясын үш учаскеге бөліп көрсетуге болады:

1. Су мәселесі дағдарысты жағдайда болып отырған Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандары және Ақтөбе облысының Шалқар ауданы.

2. Су дағдарысының сәл-ақ алдында тұрған Қызылорда облысының қалған территориясы.

3. Су мәселесінің қолайсыз жағдайындағы Оңтүстік Қазақстан облысының территориясы [2, 17-бет].

Қазақстан Республикасының 1997 ж. 15 шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы» бұрынғы Заңының 68-бабына сәйкес, төтенше экологиялық ахуал дегеніміз – адам қызметінің немесе табиғаттың дүлей күштерінің салдарынан белгілі бір аумақта пайда болған, қоршаған ортаның, адамдардың өмірі мен денсаулығы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау үшін қауіпті, терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық ахуал.

Осы Заңның 69-бабында экологиялық апат аймақтарына мынадай анықтама берілген: егер қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі нұқсан келтірілсе және (немесе) табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі азып-тозса, экологиялық апат аймақтары деп жарияланады.

2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған қазіргі кезде күшіндегі Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексында» [3] төтенше экологиялық ахуал және экологиялық апат аймақтарына 6-бөлім арналған. Экологиялық кодекстің бір ерекшелігі мұның алдындағы заңдарда қолданылып келген «экологиялық апат аймағы» деген ұғымды «экологиялық зілзала аймағы» деп атаған. Жалпы қазақ тіл білімінде «апат» деген сөзге қарағанда «зілзала» сөзінің мағынасы ауқымды әрі ауыр апат дегенді білдіреді. Индустрияның қарқынды дамуымен сипатталып отырған қазіргі заманда қоршаған ортаның орны толмас өзгеріске ұшырауын «зілзала» деп атау орынды деп есептейміз.

Экологиялық кодекстің 173-бабында төтенше экологиялық ахуал мен экологиялық зілзала аймақтарына тиісінше анықтама берілген: төтенше экологиялық жағдай – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Экологиялық зілзала – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Жалпы қабылданған көзқарастар бойынша, экологиялық апат аймағы дегеніміз – қоршаған ортаның адамның жайлы өмір сүруіне қолайсыз, тұрақты, қауіпті өзгеріске ұшыраған территорияның белгілі бір бөлігі.

Нәтижесінде мынадай сұрақтар туындайды: экологиялық апат дегеніміз не? Кім үшін апат болып табылады? Нақ осы сұрақтардың жауабы бізге экологиялық апат аймағының басты критерийін, яғни, адамзаттың жайлы өмір сүруіне қолайсыз деген ұғымды айқындап береді.

Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, экологиялық апат аймағы бірнеше объективті және субъективті белгілермен сипатталады. Ең алдымен, ол адамзат үшін қолайсыз тұрақты табиғи ортаның өзгеріске ұшырауын білдіретін Жер биосферасының бір бөлігі болып табылады. Планетаның барлық бөлігінде мұндай өзгеріс орын алған жағдайда экологиялық апат аймағын бөліп көрсету мүмкін болмас еді. Бұл жағдайда тек қана адамзаттың жаппай қырылуына әкеп соғатын әлемдік экологиялық апат орын алатын еді.

Біздің пікірімізше, төтенше экологиялық ахуал мен экологиялық апат аймағының арасындағы айырмашылық нақты реттелуі қажет. Егер, төтенше экологиялық ахуал – бұл мемлекеттің жедел қатысуы мен нақты процессуалдық режимді талап ететін табиғи апаттар мен дүлей күштердің нәтижесі болып табылса, ал экологиялық апат аймағы территорияға біртіндеп әсер етеді: тұрғындардың денсаулығына және табиғи экологиялық жүйе жағдайына, жануарлар мен өсімдіктердің генетикалық қорына қауіп төндіретін қоршаған ортаның тұрақты және өзгерісі орын

алады, бұл өз кезегінде территорияның өндірістік күштерінің бұрыс, тиімсіз дамытуы салдарынан тұрғындардың денсаулығының нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің, жануарлар мен өсімдіктердің генетикалық қорының бұзылуына, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқтырады.

Экологиялық апат аймағының критерийі есебінде, ең алдымен, тұрғындардың денсаулығының нашарлауы, нәрестелер мен балалар өлімінің көбеюі, сәбилердің жүрек ауруы болып іштен туылу санының артуы, адам организмінде токсиндік және химиялық заттардың артуы т.б. сипатталатын медицина-биологиялық критерийлерді пайдалану қажет. Бұл пікірді сондай-ақ Б.В. Виноградов, В.Н. Кузмич, В.Н. Назаревский т.б. қолдап отыр [4,3-бет].

Экологиялық апат аймағының критерийлері ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- табиғи ресурстардың өнімділігінің толық жоғалуы;
- экологиялық жүйелердің толық бұзылуы және оның өзін-өзі қалпына келтіру қабілетін жоғалтуы;
- қоршаған ортаны ластайтын заттардың рұқсат етілген нормативтен асып кетуі және оның мөлшері тұрғындардың өміріне қауіп төндіруі.

Экологиялық дағдарыс аймағын анықтау критерийлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- экологиялық жүйелерді қалпына келтірудің қиындауы;
- табиғи ресурстардың өнімділігінің қатты төмендеуі;
- табиғи ресурстардың тек кейбір түрлерін ғана шаруашылықта пайдалану мүмкіндігі;
- қоршаған ортаны ластайтын заттардың рұқсат етілген нормативтен асып кетуі және оның мөлшері тұрғындардың денсаулығына зиян келтіруі.

Экологиялық дағдарысқа жақын аймақтарды анықтау критерийлері ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- деградацияға алып келуі мүмкін болып табылатын экожүйенің өнімділігі мен тұрақтылығының төмендеуі, бірақ қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;
- қоршаған ортаны ластайтын заттардың рұқсат етілген нормативтен асып кетуі.

Жоғарыда аталған критерийлер бұл аймақтарда тиісті реабилитациялық шараларды қолдануды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл аймақтардың қайсысының экологиялық тұрғыдан қолайсыз болып табылады деген мәселе бойынша, экобиожүйелердің: өсімдіктер, жануарлар әлемі мен топырақ қабатының барынша сезімтал құрамдас бөліктерінің биотикалық критерийлері есепке алынады. Бұл әр түрлі сенімділігі, мағынасы және таралуы жағынан 60-тан жоғары көрсеткіш болып табылады. Биотикалық критерийлердің ауа қабаты, судың ластануы мен ресурстардың азаюы, су жүйелерінің деградациясы және геоэкологиялық бұзылуымен арақатынасы экологиялық қолайсыз аймақтарды нақты жіктеуге мүмкіндік береді.

1. Концепции сохранения и восстановления Аральского моря и нормализация экологической, санитарно-гигиенической, медико-биологической, социально-экономической ситуации в Приаралье // Казахстанская правда. – 1990 г. - 10 июля.

2. Исаева Ж.А. Проблемы правового регулирования экологического оздоровления Приаралья: дисс. ... к.ю.н. / Кызылординский государственный университет, 1999 г.

3. ҚР Экологиялық Кодексі 2007 ж. 9 қаңтар.

4. Виноградов Б.В., Кузмич В.Н., Назаревский В.Н. Определение зон экологического кризиса и бедствия на территории Российской Федерации и их законодательное оформление // Государство и право. – 1995 г. №4.

В данной статье автор рассматривает некоторые проблемы правового регулирования режима экологических неблагополучных зон.

In this article the author examines some of the problems of legal regulation regime of ecological disadvantaged areas.

Ж.А. Ергозова

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

На пороге нового тысячелетия человечество, подводя итог прошлому и глядя в будущее, признавая достижения цивилизации, не может не осознавать глобальность экологических проблем и не планировать свою деятельность с учетом необходимости их решения и продвижения по пути устойчивого развития.

Испытания ядерного оружия, проводившиеся в течение 40 лет на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, причинили невосполнимый ущерб здоровью людей и окружающей природной среде, вызвали рост общей заболеваемости и смертности населения. Вся